С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.76-78

КӘСІПТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ МӘНІ

Асаубаева А.К.,Төлебай Б.

Қазіргі таңда кәсіби мәдениет пен кәсіби білім жүйесіндегі жаңашыл бағыттағы сапалық және құрылымдық өзгерістер студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына бағытталған.

«Кәсіптік педагогикалық мәдениет» сөзін анықтау үшін, алдымен «кәсіптік мәдениет» және «педагогикалық мәдениет» ұғымдарының пәнін қарастырған жөн. Кәсіби мәдениетті белгілі бір мамандыққа қатысты адамдар тобының бір қасиеті ретінде бөліп алу, арнайы іс әрекет түрінің жекешеленуіне алып келетін еңбек бөлісінің нәтежиесі болып табылады. Маманның кәсіптік мәдениетінің жоғарғы деңгейі кәсіптік міндеттерді шешудегі жоғарға қабілеттілікпен, яғни кәсіптік ойлау мен сананың дамуы ретінде сипатталады. Кәсіптік мәдениет адамның кәсіптік мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдерін меңгеруінің белгілі бір деңгейі болып табылады.

Ұзақ уақыт бойы «педагогикалық мәдениет» ұғымы педагогикалық әдебиеттерде үйреншікті сана сезім категориясында бейнеленіп, нақты ғылыми түсінікті қажет етпеді. Педагогикалық мәдениет ретінде жүріс тұрыс нормалары мен ережелерінің жиынтығы, педагогикалық тактінің, педагогикалық техника мен шеберліктің байқалуы, педагогикалық сауаттылық, пен білімділік деп түсіндірілді. Педагогикалық қызметтің ерекшеліктеріне талдау жасауына, мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігі мен педагогикалық шеберлігін зерттеуге байланысты педагогикалық мәдениет мәселелері С.И. Архангельский, А.В. Бондаревская, В.А. Сластенин сияқты зерттеушілердің еңбектерінде өз бейнесін тапқан [1].

Педагогикалық мәдениет кәсіптік іс әрекеттің өзіндік ерекшелігі мен кәсіптік қасиеттері жүйесінде байқалатын оқытушының жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Сонымен, кәсіптік педагогикалық мәдениеттің мәні жеке кәсіби қасиеттер, жетекші компоненттер мен функциялар жүйесі ретінде ашылады. Кәсіптік педагогикалық мәдениетті иеленушілер педагогикалық еңбекті жүзеге асыруға жұмылдырылған адамдар болып табылады.

Кәсіптік педагогокалық мәдениеттің педагогикалық ақиқаттың жан -жақты сипаттамасы:

- кәсіптік мәдениет дегеніміз -жалпы мәдениет педагогикалық іс әрекет ортасына жобалау;

- кәсіптік педагогикалық мәдениет -қоршаған ортамен әрекеттесетін, жекелеген қасиеттеріне ажырамайтын тұтастың интегративті қасиеттері бар өзіндік ұйымдасқан жүйе;

- кәсіптік педагогикалық мәдениетті талдау бірлігі табиғаты жағына шығармашылық әрекет болады;

Педагогтың кәсіптік педагогикалық мәдениетін жүзеге асыруға және оның қалыптасуының ерекшеліктеріне әлеуметтік педгогикалық тәжірибелермен жинақталған индивидуалды шығармашылық психофизиологиялық және жас ерекшелік сипаттары себепші болады.

Көрсетілген әдіснамалық негіздерді ескеру кәсіптік педагогикалық мәдениет моделін негіздеуге мүмкіндік береді, оның компоненттері аксиологиялық, технологиялық және жеке тұлғалық шығармашылық болып табылады.

Кәсіптік педагогикалық мәдениеттің аксиологиялық компоненті білім берудің қазіргі кезеңінде кең тараған педагогикалық құндылықтар жиынтығын қамтиды. Педагогикалық іс-әрекет процесінде белгілі идеяларды, концепцияларды, білім мен іскерліктер жиынтығын меңгеруге болады. Қоғам мен жекелеген педагогикалық жүйе үшін білім, идеялар концепциясы басты орын алып, педагогикалық құндылық ретінде байқалады.

Кәсіптік-педагогикалық мәдениеттің технологиялық компоненті педагогикалық іс-әрекет ұғымымен тығыз байланысты. Сондықтан көп деректерде ол кәсіптік-педагогикалық мәдениеттің іс-әрекеттік компоненті ретінде қарастырылады.

Кәсіптік - педагогикалық мәдениеттің тұлғалық - шығармашылық компоненті - педагог тұлғасындағы шығармашылық бастаманы бейнелейді. Педагогикалық шығармашылық педагогтан ынталылық, жеке тәуелсіздік, дербестік пен жауапкершілік, тәуекелділік, тәуелсіз пікір сияқты тұлғалық қасиеттерді қажет етеді. Педагогикалық мәдениет - шығармашылық жұмысы мен тұлғаның педагогикалық тұрғыдан жүзеге асуы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1.Қозыбай А.Қ. «Мамандыққа кіріспе» оқу құралы, Алматы баспасы 2008, 25 б.

2.Ерментаева А.Р.Студенттерді субьект-кәсіби бағытта психологиялық дайындау мәселелері //Региональный Вестник Востока, №1 (21), 2004,5 б.